




Бекітілген / Утверждено
Ғылыми кеңес шешімімен /
Решением Ученого совета/
Approved by the decision
of the Academic Council

«27» 08 2021 № 1

PL-03-35-11

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау,
ара пық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже /
Положение о проведении текущего контроля успеваемости,
промежуточной и итоговой аттестации обучающихся /
Regulation on Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final
Assessment of Students

| | | |
|--|--|-----------------------------------|
| Әзірледі / Разработал (а) / Developed | | |
| Тіркеу кеңсе бастығы / Начальник офис-регистратора / Head of the Registrar's Office |  (КОЛЫ / ПОДПИСЬ/ signature) | Г. Калиева G. Kaliyeva |



**Өзгерістерді тіркеу парағы /
Лист регистрации изменений/
Revision Record Sheet**

| № | Параграф / Параграф/ Paragraph | Өзгерістер жасалды / Вносимые изменения/ Made changes | Күні / Дата/ Date | Аты-жөні, қолы / И. Фамилия, подпись/ First and last name, signature |
|----|--------------------------------------|---|----------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Параграф 2 Paragraph 2 | Подпункт 2.2. изменено Subparagraph 2.2. changed | 25.08.2023г. | Г.Б. Калиева G.B. Kaliyeva |
| | | Подпункт 2.10. изменено Subparagraph 2.10 changed | | |
| 2. | Параграф 3 Paragraph 3 | Подпункт 3.16. изменено Subparagraph 3.16 changed | | |
| | | Подпункт 3.18) изменено Subparagraph 3.18) changed | | |
| | | Подпункт 3.21 удалено Subparagraph 3.21 removed | | |
| | | Подпункт 3.27) изменено Subparagraph 3.27) changed | | |
| | | Подпункт 3.28) Subparagraph 3.28) | | |
| | | Подпункт 3.32) Subparagraph 3.32) | | |
| | | Подпункт 3.38) Subparagraph 3.38) | | |
| | | Подпункт 3.40 Subparagraph 3.40 | | |
| 3. | Параграф 4 Paragraph 4 | Подпункт 4.15 Subparagraph 4.15 | | |
| | | Подпункт 4.16 Subparagraph 4.16 | | |

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



**Мазмұны /
Содержание /
Contents**

| | бет / стр. |
|---|-----------------------|
| 1. Жалпы ережелер | 4 |
| 2. Үлгерімді ағымдық және аралық бақылауды жүргізу тәртібі | 9 |
| 3. Аралық аттестаттауды жүргізу тәртібі | 12 |
| 4. Қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі | 17 |
| 5. Құқығы | 20 |
| 6. Жауапкершілік | 20 |
| Қосымшалар | 56 |
| Келісу парағы | 114 |
| 1. Общие положения | 22 |
| 2. Порядок проведения текущего и рубежного контроля успеваемости | 27 |
| 3. Порядок проведения промежуточной аттестации | 29 |
| 4. Порядок проведения итоговой аттестации | 35 |
| 5. Права | 38 |
| 6. Ответственность | 38 |
| Приложения | 57 |
| Лист согласования | 114 |
| 1. General provisions | 40 |
| 2. Procedure for conducting current and interim assessment of academic performance | 44 |
| 3. Procedure for conducting interim assessment | 47 |
| 4. Procedure for conducting final assessment | 51 |
| 5. Rights | 54 |
| 6. Responsibility | 54 |
| Annexes | 58 |
| Approval sheet | 114 |

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) мақсаты «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ (бұдан әрі-Университет) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу тәртібі мен рәсімін айқындау болып табылады.

1.2. Нормативтік сілтемелер*:

1.2.1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы;

1.2.2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №152 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

1.2.3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №595 «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

1.2.4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

1.2.5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. №647 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы;

1.2.6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

1.2.7) «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы;

1.2.8) «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ ішкі тәртіп ережелері;

1.2.9) «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ Академиялық саясаты;

1.2.10) Басшылықтың бұйрықтары, өкімдері және интеграцияланған менеджмент жүйесінің өзге де құжаттары.

* Егер сілтемеде құжаттың күні қойылған басылымы көрсетілсе, онда тек осы нұсқа қолданылады. Күні қойылмаған сілтемелер үшін сілтеме құжаттының соңғы қолданыстағы нұсқасы (кез келген түзетулерді қоса алғанда) қолданылады.

1.3. Қолдану аясы

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



Ереже тікелей іс-қимыл құжаты болып табылады және бекітілген күннен бастап білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамы үшін орындалуы міндетті.

1.4. Мүдделі тараптар

Мүдделі тараптар 1-кестеде келтірілген.

1-кесте-Мүдделі тараптар және олардың қажеттіліктері мен үміттер

| Мүдделі тарап | Қажеттіліктер мен үміттер |
|-----------------------|---|
| 1 | 2 |
| Құрылтайшылар | Университеттің менеджмент жүйесінің нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету |
| Сыртқы аудиторлар | Сыртқы аудитті жүргізу тиімділігін арттыру |
| Ішкі аудиторлар | Ішкі аудит жүргізудің тиімділігін арттыру |
| ПОҚ және қызметкерлер | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу рәсімдерін сақтау |
| Білім алушылар | Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау рәсімдерін білу |

1.5. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

1.5.1) Мәтін бойынша 2-кестеде көрсетілген терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады.

2-кесте-Терминдер мен анықтамалар

| Терминдер | Анықтамалар |
|----------------------|--|
| 1 | 2 |
| | Қорытынды бақылау (емтихан) – емтихан сессиясы (аралық аттестаттау) кезеңінде пәнді оқу аяқталғаннан кейін жүргізілетін білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру. |
| Академиялық қарыз | Оқу жоспарына сәйкес білім алушының оқу жетістіктерінің тарихында оқылмаған пәндердің немесе қорытынды бақылау бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы бар пәндердің болуы |
| Академиялық еркіндік | Білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы |
| Академиялық адалдық | Жеке адалдық пен оқу үшін жауапкершілікті дамытатын білім беру процесіндегі білім алушының мінез-құлқының құндылықтары мен қағидаттарының жиынтығы: адалдық, жазбаша жұмыстарды (емтихан, бақылау, эссе, курстық, дипломдық және ғылыми-зерттеу жұмыстары, презентациялар және т.б.) орындау кезінде білім алушының лайықты мінез-құлқы, емтихан жауаптары, зерттеулер, өз ұстанымын білдіру, академиялық персоналмен, оқытушылармен, басқа да білім алушылармен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ бағалау. |
| Академиялық күнтізбе | Оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) |

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



| | |
|---|---|
| | көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын өткізу күнтізбесі |
| Академиялық кредит | Білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі. |
| Академиялық кезең | Теориялық оқыту кезеңі: семестр (15 апта), оқу жылы. |
| Білім алушының академиялық рейтингі | Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын пәндердің және (немесе) модульдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің өзге де түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші. |
| Академиялық сағат | Оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жұмысты жоспарлау кезінде пайдаланылады. |
| Апелляция | Білім алушының білімін объективті емес бағалау жағдайларын анықтау және жою үшін жүргізілетін рәсім. |
| Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әрінтік жүйесі | Халықаралық практикада қабылданған әрінтік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін баллдардағы білім деңгейін бағалау жүйесі. |
| Кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі (ESTS) | Студенттің шетелде алған кредиттерін өз білім беру ұйымына оралғаннан кейін дәреже алу үшін есептелетін кредиттерге аудару, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттер жинақтау тәсілі. |
| Жеке оқу жоспары | Білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары. |
| Білім алушыларды қорытынды аттестаттау | Олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында қарастырылған оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін және оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім; |
| Қорытынды бақылау | Аралық аттестаттау кезеңінде емтихан формасында өткізілетін оқу пәнінің бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау. Егер пән бірнеше академиялық кезеңдер бойы оқытылса, онда қорытынды бақылау осы академиялық кезеңде оқыған пән бөлігі бойынша жүргізілуі мүмкін. |
| Шағын клиникалық емтихан | резидентура тыңдаушысының пациентпен тікелей жұмыс істеу дағдыларын бағалауға (анамнез жинау, тексеру және клиникалық тексеру) және оқу процесін жақсарту үшін жедел кері байланыс алуға мүмкіндік беретін құрал. |
| Рұқсат берілмеу/жіберілмеу | пәнді оқудың барлық кезеңінде пән/модуль бойынша жіберілу рейтингісінің «қанағаттанарлықсыз» 0-49 баллдан (F) дейінгі нәтижесі, білім алушы пән бойынша қорытынды бақылауға жіберілмейді. |
| Объективті құрылымдалған | практикалық дағдылардың кең спектрін бағалау құралы (клиникалық тексеру дағдылары, процедуралар, манипуляциялар, |

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



| | |
|--|---|
| практикалық емтихан | визуалды тексеру әдістерін бағалау, нәтижелерді түсіндіру және т.б.). |
| Объективті құрылымдалған клиникалық емтихан | нақты клиникалық практика жағдайларын имитациялайтын клиникалық дағдылардың кең спектрін бағалау құралы (қарым-қатынас дағдылары, пациенттің болжанбайтын мінез-құлқымен жұмыс істей білу, клиникалық тексеру, рәсімдер, манипуляциялар, тексерудің визуалды шолу әдістерін бағалау, нәтижелерді түсіндіру және т.б.). |
| Тіркеу кеңсесі | Білім алушының оқу жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет |
| Практикалық процедураларды меңгеруді бағалау | тікелей бақылау арқылы тыңдаушының практикалық дағдылар мен процедураларды игеруін бағалау құралы (пункция, катетеризация және т.б.), содан кейін резидентура тыңдаушысы өзінің оқу процесінде күшті және әлсіз жақтарын анықтау үшін тез арада кері байланыс алады. |
| Жазбаша емтихан | билеттер бойынша сұрақтарға жауап формасында, ситуациялық тапсырмалар, тесттер жазбаша түрде қағаз немесе электрондық тасығышта жүргізіледі. |
| Білім алушыларды аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) | Білім алушылардың оқу пәнін зерделеу аяқталғаннан кейін оның бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезеңінде жүргізілетін рәсім. |
| Пререквизиттер | Пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері, оқытылатын пәнді және (немесе) модульдерді меңгеру үшін қажетті білім, білік, дағды және құзырет мазмұны. |
| Аралық бақылау | Академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылатын бір оқу пәнінің бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау. Бір оқу пәнінің шеңберінде кемінде екі рет өткізіледі |
| Білім алушының өзіндік жұмысы | өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жұмыс істеу; білім алушылардың санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – МӨЖ) болып бөлінеді; СӨЖ барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады; |
| Стандартталған пациент | бұл білім алушының құзыреттілігін оқыту мен бағалауға қатысатын арнайы дайындалған адам. |
| Әңгімелесу | клиникалық жағдайларда кәсіби пікірді бағалауға арналған құрылымдалған сұхбат. Пациенттерді тексерудегі құзыреттілікті анықтау, пациенттерді басқару, денсаулықты нығайту және аурудың алдын-алу, сонымен қатар қарым-қатынас/этика сияқты кейбір аспектілерде. |
| Ағымдық бақылау | оқытушының академиялық кезеңде сабақ кестесіне сәйкес аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда өткзетін оқу бағдарламасына сәйкес студенттердің білімін жүйелі түрде |

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



| | |
|--|---|
| | тексеру. |
| Транскрипт | Кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңіндегі меңгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат. |
| Бірнеше таңдау бойынша тест сұрақтары | Білім алушыға ұсынылған бірнеше жауаптың бір нұсқасын таңдау ұсынылады. |
| Білім алушылардың оқудағы жетістіктері | Білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері. |
| European Credit Transfer and Accumulation System | Кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі |
| Mini-Clinical Evaluation Exercise | Шағын клиникалық емтихан |
| Multiple Choice questions | Бірнеше таңдау бойынша тест сұрақтары |
| Objective Structured Practice Examination | Объективті құрылымдалған практикалық емтихан |
| Writing exam | Жазбаша емтихан |

1.5.2) Мәтін бойынша 3-кестеде көрсетілген қысқартулар мен терминдер қолданылады.

3-кесте - Қысқартулар мен терминдер

| Қысқартулар | Терминдер |
|-------------|---|
| 1 | 2 |
| МЕК | Мемлекеттік емтихан комиссиясы |
| ҚАК | Қорытынды аттестаттау комиссиясы |
| ҚБ | Пән бойынша қорытынды баға |
| ЖОЖ | Жеке оқу жоспары |
| БАЖ | Бағалаудың ақпараттық жүйесі |
| ББК | Білім беру бағдарламалары комитеті |
| БҒМ | Білім және ғылым министрлігі |
| ДСМ | Денсаулық сақтау министрлігі |
| ҰТЕО | Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы |
| ЖЖОКБҰ | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы |
| ОҰЖЖББ | Оқу үдерісін жоспарлау және бақылау бөлімі |
| ЖБП | Жалпы білім беру пәндері |
| ОҚПЕ | Объективті құрылымдалған практикалық емтихан |
| ОҚКЕ | Объективті құрылымдалған клиникалық емтихан |
| ЖР | Жіберу рейтингісін бағалау |
| БӨЖ | Білім алушының өзіндік жұмысы |
| Университет | «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» Мемлекеттік емес білім беру мекемесі |
| ЕБ | Пән бойынша емтихан бағасы |
| ECTS | European Credit Transfer and Accumulation System |
| Mini-CEX | Mini-Clinical Evaluation Exercise |

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



| | |
|------|---------------------------|
| MCQs | Multiple Choice questions |
| WE | writing exam |

1.6. Енгiзiлетiн формалар

Осы Ереже мынадай формаларды колданыска енгiзедi

| Форма | Форма атауы |
|------------------|--------------------------|
| 1 | 2 |
| F-PL-03-35-11-01 | Пәнді қайта өтуге өтiнiш |

2. Үлгерiмдi ағымдық және аралық бақылауды жүргiзу тәртiбi

2.1. Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру Академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады. Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ректор бекітеді.

2.2. Әрбір оқу пәні бойынша үлгерімге аралық және қорытынды бақылау жүргізу нысаны мен тәртібі кафедра отырысында талқыланады, білім беру бағдарламасы комитетінде қаралады, академиялық кеңесте келісіледі және академиялық кезең басталғаннан бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі. Ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды жүргізу нысандары туралы толық ақпаратты оқытушы сабақтың бірінші күні білім алушылардың назарына жеткізеді және силлабуста көрсетіледі.

2.3. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) дәстүрлі бағалау шкаласына аударыла отырып, оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағаланады.

| Әріптік жүйе бойынша бағалау | Сандық эквивалент | Балл (%- дық мазмұн) | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|------------------------------|-------------------|----------------------|-------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| A | 4,0 | 95-100 | өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | канағаттанарлық |
| C | 2,0 | 65-69 | |

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



| | | | |
|----|------|-------|--------------------|
| C- | 1,67 | 60-64 | канағаттанарлықсыз |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0,5 | 25-49 | |
| F | 0 | 0-24 | |

2.4. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты пән бойынша силлабуста көрсетіледі және білім алушыларға бірінші сабақта ұсынылады. Бағалау процесінің максималды объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін кафедрада/ курста пән бойынша ағымдық, аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін чек-парақтар қолданылады.

2.5. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау силлабуста ұсынылған пәннің тақырыптық жоспарына сәйкес келетін білім өлшегіштердің (бақылау сұрақтары, билеттер, тесттер) негізінде жүзеге асырылады.

2.6. Білім алушылардың әрбір пән бойынша оқу жетістіктері жіберу рейтингісінің бағасынан және аралық аттестаттау бағасынан қалыптастырылатын қорытынды бағалаумен айқындалады. Жіберу рейтингі қорытынды бағалауда 60% - ды құрайды және аралық аттестаттау бағасы қорытынды бағалаудан 40% - ды құрайды ($ҚБ = ЖР * 0,6 + ЕБ * 0,4$).

2.7. Пән бойынша *аралық бақылауды тапсыруға* ағымдық бақылау қорытындысы бойынша кемінде 50% жинаған білім алушылар жіберіледі. Аралық бақылауға жіберу рейтингі сабақтың барлық түрлері бойынша бағалардың жалпы санына бөлінген пән бойынша ағымдық бағалардың орташа арифметикалық сомасымен анықталады. Пән бойынша аралық бақылау бойынша үлгерімнің ең жоғары көрсеткіші әрбір аралық бақылау үшін ең жоғары 100 балды құрайды.

2.8. Аралық бақылау нәтижелерін оқытушы аралық бақылау тапсырылған күннен кейін үш күннен кешіктірмей автоматтандырылған ақпараттық жүйенің (Platonus) аралық бақылау ведомосына енгізеді. Аралық бақылау нәтижелерін арттыру мақсатында оларды өзгертуге жол берілмейді.

2.9. Емтиханның ең жоғары бағасы - 100 баллды құрайды. Пән бойынша білімді қорытынды бақылауға ағымдық және аралық бақылау (рейтинг) қорытындысы бойынша кемінде 50 балл жинаған білім алушылар $ЖР = (((ОБ1 + АБ1) + (ОБ2 + АБ2/2))/2)$ жіберіледі.

2.10. Ағымдағы үлгерімді бақылау бойынша бағалау пәннің әрбір тақырыбы бойынша емес, бағалау үшін таңдалған күндер санына сәйкес қойылады. Жеткіліксіз баға қою кезінде білім алушы аралық бақылауға жіберілмейді.

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



2.11. Үлгерімді ағымдық бақылаудың қорытынды нәтижесі академиялық кезең ішінде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық сомасын есептеумен жүргізіледі.

2.12. Ағымдық баға Platonus электрондық журналына апта соңына дейін қойылады. Журнал апта сайын жексенбі күні 23 сағат 59 минутта жабылады.

2.13. Аралық бақылау жаппай оқыту үшін 7-8 және 14-15 апталарда жүргізіледі. Кафедралар / курстар аралық бақылауды тапсырудың тестілік формасы кезінде тестілеу орталығына (бұдан әрі – ТО) аралық бақылау кестесін ұсынады. ТО жиынтық кесте дайындайды, тиісті деканаттар / бөлімдер арқылы білім алушылардың назарына жеткізіледі. Ауызша, жазбаша және тапсырудың басқа түрлері кезінде аралық бақылау академиялық күнтізбеге сәйкес сабақ уақытында жүргізіледі.

2.14. Кафедра кестесіне сәйкес нәтижелік оқыту формасы кезіндегі аралық бақылау.

2.15. Жіберу рейтингі ағымдық бақылау бағаларынан және аралық бақылау бағаларынан құралады $ЖР = (((ОБ1 + АБ1) + (ОБ2 + АБ2/2))/2)$. Жіберу рейтингісінің оң бағасы жоқ (50% - дан томен) білім алушылар осы пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

2.16. Белгісіз себептермен сабақты жіберу өтелмейді, журналда "ж" әріптік түрде белгіленеді, аралық бақылауды тапсыру сәтінде электрондық журналдың қосымша ұяшығына нөл қойылады, ол пән бойынша жіберу рейтингін есептеу кезінде ескеріледі.

2.17. Сабақты жіберу дәлелді себеппен болса деканның / резидентура/магистратура және докторантура бөлімі бастығының өткізіп алған сабақтарын өтеу бойынша өкімі негізінде жүзеге асырылады. Жіберілген сабақтарды өтеу мерзімі пәннің тақырыптық жоспарына сәйкес күніне 3 сағаттан аспайтын есеппен анықталады.

2.18. Сабақты жіберудің белгілі себептері:

а) студенттік/тіркелген медициналық ұйым дәрігерінен медициналық анықтаманы сауыққаннан кейін 3 күн мерзімде ұсыну шартымен білім алушының науқасы (шетелдік студенттер үшін анықтаманы ұсыну мерзімі - 5 күнге дейін, анықтама студенттерге медициналық қызмет көрсетуге шарт жасалған емханамен расталуы тиіс);

б) деканаттың / магистратура және докторантура, резидентура бөлімінің келісімімен университеттің имидждік іс-шараларына катысу;

с) некеге тұру (3 күнге дейін босату / халықаралық студенттер үшін 10 күнге дейін босату);

д) бірінші буындағы жақындарының қайтыс болуы (өтініш пен куәлік беру бойынша – 3 күнге дейін / шетелдік студенттер үшін-10 күнге дейін босату).

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



2.19. Аралық бақылауды тапсырғанға дейін өтелмеген сабақтарға пән бойынша сабақ жүргізетін оқытушы нөл қояды және аралық бақылауға жіберу рейтингіне әсер етеді.

2.20. Деканат/резидентура/магистратура және докторантура бөлімі ауру себебінен семестрде > 50% артық сабаққа қатыспаған білім алушыға академиялық демалысты рәсімдеуді ұсынады.

3. Аралық аттестаттауды өткізу тәртібі

3.1. Білім алушыларды аралық аттестаттау білім алушылардың жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәнінің бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі.

3.2. Пән бойынша кемінде 50 балл алған білім алушылар сессияға / емтиханға жіберіледі. Жіберу рейтингісінің (бұдан әрі -ЖР) мәні неғұрлым томен болған кезде білім алушы емтиханға дейін жіберілмейді және жазғы қосымша семестрде (бітіру курсы қоспағанда) ақылы негізде пәнді қайта оқиды. Модульдік пән блоктарының бірі бойынша ЖР алмаған білім алушылар осы блок бойынша қайта оқудан өтеді.

3.3. Аралық аттестаттау қысқы / жазғы сессия кезеңінде өткізіледі. Бұл ретте жазғы сессия курстан курсқа ауыстыру болып табылады, ауыстыру жылдық GPA негізінде жүзеге асырылады.

3.4. Білім алушылар барлық емтихандарды бекітілген білім беру бағдарламалары бойынша жеке оқу жоспарына сәйкес қатаң түрде тапсыруы тиіс.

3.5. Оқытудың барлық түрлері үшін емтихандар кестесін ОҮЖжББ жасайды және тиісті факультеттердің декандарымен / бөлім бастықтарымен келіседі және академиялық қызмет жөніндегі проректор бекітеді және білім алушылар мен оқытушылардың назарына аралық аттестаттаудың (емтихан сессиясының) болжамды күніне дейін екі апта бұрын жеткізіледі.

3.6. Университет білім алушыларын аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу университеттің тіркеу кеңсесіне жүктеледі.

3.7. Емтихан өткізу рәсіміне қатыспайтын адамдарға рұқсат етілмейді.

3.8. Егер пән бірнеше академиялық кезең аралығында оқытылатын болса, онда қорытынды бақылау осы академиялық кезеңде оқыған пәндер бөлігі бойынша жүргізіледі.

3.9. Емтиханға келген кезде білім алушының өзімен бірге студенттік билеті / жеке куәлігі болуы қажет.

3.10. Аралық аттестаттауға (емтихан сессиясына) жіберу:

а) бірінші кезеңде деканат / бөлім білім беру қызметтерін корсету шартының талаптарын орындаған білім алушыларды емтихан сессиясына жібереді;

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



б) екінші кезеңде - тіркеу кеңсесі ағымдағы және аралық үлгерімді бақылау нәтижелері бойынша анықталатын рұқсат ету рейтингісінің бағасы негізінде пән бойынша емтиханға автоматты түрде жіберуді жүзеге асырады.

3.11. Факультет деканы / бөлім бастығы жекелеген жағдайларда (наукастануы, отбасы және қызметтік жағдайлары бойынша) білім алушыға емтихан сессиясын жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат етеді. Растайтын құжаттарды ұсынған кезде: ауруы, баланың тууы, жақын туыстарының қайтыс болуы, қызметтік және оқу іссапары туралы және форс мажор жағдайлары туралы.

3.12. Емтиханды ауызша өткізу кезінде бір күнде екі және одан да көп емтихан тапсыруға жол берілмейді. Тестік форма кезінде бейіндік және туыстық қағидатын сақтай отырып, екі және одан да көп пәндер бойынша кешенді емтихан белгілеуге жол беріледі.

3.13. Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру формасында өткізіледі. Түрлері мен формалары бойынша емтихан өткізу тәртібі № 1-10 қосымшаларда сипатталған.

3.14. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша тіркеу кеңсесі білім алушылардың академиялық рейтингін жасайды.

3.15. Дифференциалды есепке алу/есеп үшін бағалар бағалаудың балдық-рейтингтік әрінтік жүйесіне сәйкес қойылады және GPA өту балын есептеу кезінде ескеріледі.

3.16. Аралық аттестаттау кезеңінде Академиялық адалдық қағидалары сақталуы тиіс (ұялы телефондарды, iPad-ты ақпараттық сервистің басқа да құралдарын, кеңестерді, шпаргалкаларды және т.б. пайдалануға тыйым салынады). Академиялық адалдық ережелерін бұзған жағдайда:

а) ауызша және жазбаша емтихан немесе сараланған сынақ / есеп беру кезінде жауап жойылады, содан кейін акт жасалады, емтиханнан шығарылады, билетті қайта таңдау мүмкіндігі алынып тасталады және "0"бағасы қойылады.;

б) тест нысаны кезінде-тестілеу акт жасау негізінде аяқталады, жауап толығымен жойылады және "0"бағасы қойылады;

с) барлық оқу кезеңінде «Академиялық адалдық кодексін» қайталап бұзғаны үшін білім алушы университеттен шығарылуы тиіс.

3.17. Білім алушы емтиханда оң баға алған кезде (А-, А «өте жақсы», В-, В, В+, С+ «жақсы», С-, С, Д+, Д-, «қанағаттанарлық») оқу пәні бойынша емтихан ведомосына жазылады және баға есептеледі және жинаған кредиттері көрсетілген транскриптке енгізіледі. «Platonus»қа емтихан бағасын емтихан алушы қояды.

3.18. Қорытынды бақылауды (емтиханды) FX "қанағаттанарлықсыз" сәйкес бағалаудан академиялық күнтізбеге сәйкес қайта тапсыруға жол беріледі.

Білім алушы деканатқа/ бөлімге өтініш жазады және деканның/ бөлімнің өкімімен қайта тапсыруға жіберіледі. Қайта тапсыру кезінде F немесе FX бағасын

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



қайта алған жағдайда білім алушы осы пәнге жазылып жазғы семестр шеңберінде ақылы негізде оқиды.

3.19. Егер білім алушы қорытынды бақылау (емтихан) бойынша «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда (24 балл және одан томен – F бағасы), пән бойынша қорытынды баға есептелмейді.

3.20. Аралық аттестаттауды бірнеше кезеңмен (екі немесе үш кезеңдік емтихан) өткізген жағдайда емтихан үшін қорытынды баға барлық кезеңдердің бағаларының орташа арифметикалық мәнін есептеу жолымен қалыптастырылады.

Кезеңдердің бірі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған кезде білім алушы қалған кезеңдерді тапсыруға жіберілмейді.

3.21. Транскриптке «қанағаттанарлықсыз» баламасына сәйкес келетін FX және F бағаларын қоса алғанда, қорытынды бағаны (емтиханды) корсете отырып, білім алушы оқыған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.

3.22. Емтихан нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан нәтижелері қойылғаннан кейін келесі күні сағат 13-тен кешіктірмей апелляцияға бере алады.

3.23. Апелляция нәтижелері хаттамамен ресімделеді және апелляциялық комиссия шешімінің негізінде білім алушыға жеке емтихан ведомосы (апелляцияны ескере отырып) жасалады, ол негізгі емтихан ведомосына қоса беріледі.

3.24. Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны жоғарылату мақсатында оны аралық аттестаттаудың осы кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3.25. Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны жоғарылату мақсатында оны аралық аттестаттаудың осы кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3.26. Емтиханды "қанағаттанарлықсыз" бағадан жазғы семестрге қайта тапсыру үшін апталық жүктеменің сақталуын ескере отырып, осы пән бойынша жұмыс оқу жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайта қатысады, рұқсат алады және ақылы негізде қорытынды бақылауды тапсырады.

3.27. Жазғы семестрге жазылу үшін білім алушы академиялық күнтізбеде көзделген мерзімде Platonus ақпараттық жүйесі арқылы пәндерге тіркеледі.

3.28. Деканат пәнді қайта өтуге бұйрық шығару үшін өтінішті тіркеу кеңсесіне береді.

3.29. ОҰЖЖББ кафедралармен келісілген жазғы семестрге кесте жасайды.

3.30. Бұл ретте білім алушы бір пәнді қосымша екі реттен артық емес оқуға құқылы.

3.31. Егер білім алушы пәнді қайта өту кезінде ол бойынша "FX" белгісіне сәйкес баға алса, онда қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру осы семестр шеңберінде көзделген.

3.32. Емтиханды қайта тапсыру нәтижесі оң болған жағдайда, қорытынды баға қайта есептеледі, ол емтихан ведомосына және транскриптке енгізіледі.

3.33. Егер пән бағдарламасын толық көлемде орындаған білім алушы емтиханға келмесе, емтихан ведомосына оның тегінің тұсына «келген жоқ» деген белгі

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



қойылады. Дәлелді себептер болған жағдайда факультет деканының/бөлім бастығының өкімімен білім алушыға емтихан тапсырудың жеке кестесі белгіленеді. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «қанағаттанарлықсыз» (F) бағасына теңестіріледі.

3.34. Курс үшін емтихан сессиясының қорытындысы бойынша жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, тіркеуші кеңсе білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа аяқталған бағасы ретінде GPA ауысу балын есептейді, ол жыл сайын деканаттың ұсынуымен Ғылыми кеңесте бекітіледі. Білім алушының GPA келесі формула бойынша есептеледі:

$$GPA = \frac{(K_{б1} \times K_1) + (K_{б2} \times K_2) \dots + (K_{бn} \times K_n)}{K_1 + K_2 + \dots + K_n}$$

мұнда: $K_{б1}$, $K_{б2}$, $K_{бn}$ - пәндер бойынша сандық эквивалентте қорытынды бағалар; K_1 , K_2 , K_n - оқылған пәндердің кредиттердегі көлемі;
 n - барлық өткен оқу кезеңіндегі оқытылған пәндер саны.

GPA есептеу кезіндегі барлық академиялық қарыздар нөлмен есептеледі ($K_{Б}=0$).

3.35. Үлгерімнің орташа балын есептеу кезінде оқу пәні бойынша соңғы бағалар ескеріледі.

3.36. Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихан сессиясының қорытындылары негізінде білім алушыны курстан курсқа ауыстыру жүзеге асырылады. Ауысу балының белгіленген деңгейін жинаған және ауысу үшін пререквизиттер болып табылатын пәндер бойынша берешегі жоқ білім алушылар университет ректорының бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады. Білім беру бағдарламаларының пререквизиттерінің тізбесі тиісті ББК ұсынысы бойынша университет ректорының бұйрығымен жыл сайын бекітіледі.

3.37. Ауысу балының белгіленген деңгейін жинаған, ауысу үшін Пререквизиттер болып табылмайтын пәндер бойынша академиялық берешегі бар білім алушылар бітіру курсына қоспағанда, келесі курсқа ауыстырылады және тиісті пәндерді ақылы негізде қайта оқиды.

3.38. Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ өту балының ең төменгі шамасын жинай алмаған білім алушыға өзінің үлгерімінің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында жазғы семестрде ақылы негізде жекелеген пәндерді қайта оқуға және олар бойынша емтихандарды қайта тапсыруға (мемлекеттік емтихан тапсырылатын Қазақстанның қазіргі заманғы тарихын қоспағанда) мүмкіндік беріледі.

3.39. Ең төменгі ауысу балын жинамаған және / немесе келесі курс үшін Пререквизиттер болып табылатын пәндер бойынша академиялық берешегі бар білім

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



алушы қайтадан оқу курсына ақылы негізде қалады. Білім алушы бір курста бір реттен артық емес қайта оқи алады.

Бұл ретте, егер білім алушы мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын болса, ол гранттан айырылады.

3.40. Жазғы семестр қосымша оқуға деген қажеттілікті қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою үшін (бітіру курсы қоспағанда) өткізіледі. Жазғы семестрдің ұзақтығы кемінде 6 аптаны құрайды. Жазғы семестр аясында кредиттерді игеруге рұқсат етіледі: бакалавриат бағдарламалары бойынша 15 кредиттен артық емес; магистратура және резидентура бағдарламалары бойынша 9 кредиттен артық емес. Қосымша оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады.

3.41. Қайта курсқа қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары немесе жанадан құрылған жеке оқу жоспары бойынша білім ала алады.

3.42. Пән бойынша қорытынды баға жіберу рейтингісінің және қорытынды бақылаудың (емтихан) бағаларын қамтиды. Үлгерімді ағымдық және аралық бақылаудың бағасы (жіберу рейтингісі) пән бойынша қорытынды білім бағасының 60% - нан кем емес және емтихан бағасы пән бойынша қорытынды білім бағасының 40% - нан кем емес құрайды.

3.43. қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі:

$$ҚБ = ЖР \times 0,6 + ҚБ \times 0,4;$$

онда:

ҚБ-пән бойынша қорытынды баға;

ҚБ-пән бойынша қорытынды бақылау;

ЖР-жіберу рейтингісінің бағасы;

бұл ретте $ЖР = (ОАБ + АБ 1) / 2 + (ОАБ 2 + АБ 2) / 2$;

Об-орташа ағымдық бағалау;

АБ -аралық бақылау.

3.44. Емтихан нәтижелерін емтихан ведомосіне сәйкес оқытушы тіркеу кеңсесіне емтихан тапсырған күні береді және автоматтандырылған ақпараттық жүйеге емтихан тапсырған күннен кейін үш күннен кешіктірмей енгізіледі.

3.45. Пәндерді қайта оқу кезінде, егер элективті пән ағымдағы оқу жылында ашылмаса, білім алушы оны сол блоктан басқа элективті пәнге ауыстыруға мүмкіндігі бар. Пәнді ауыстыру деканмен / бастықпен, эдвайзермен және тіркеу кеңсесімен келісілуі тиіс.

3.46. Емтиханды қайта тапсыру нәтижесі оң болған жағдайда қорытынды баға қайта есептеледі, ол қайта тапсырған сәттен бастап бір күн ішінде емтихан ведомосына және транскриптке енгізіледі.

3.47. интеграцияланған пән бойынша қорытынды бақылауға жіберілмеген білім алушы жазғы семестрде ақылы негізде шекті балл жиналмаған пән блогын қайта өтуі тиіс.

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



3.48. қорытынды бақылаудың ауызша нысаны кезінде емтихан ОҰЖБ кестесіне сәйкес университеттің оқу корпусарында науқастың төсегіндегі миниклиникалық емтиханнан басқа білім берудің барлық курстары мен деңгейлері үшін өткізіледі.

4. Қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі

4.1. Бакалавриат («Жалпы медицина», «Стоматология» ББ), магистратура және докторантура бағдарламаларының білім алушыларын қорытынды аттестаттау университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен формалары бойынша жүргізіледі, олардың ұзақтығы мен өткізу мерзімдері академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларында көзделген. Бакалавриаттың («Фармация», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Мейірбике ісі» ББ), интернатура мен резидентураның қорытынды аттестаттауын өткізу формалары мен мерзімдерін Денсаулық сақтау министрлігі айқындайды.

4.2. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламалары бойынша кешенді емтихан тапсыру және / немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны), докторлық диссертацияны қорғау формасында өткізіледі.

4.3. Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламасының, жеке оқу жоспарының МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

4.4. Білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының, жеке оқу жоспарының, теориялық игерудің оқу бағдарламаларының талаптарын орындамаған бітіруші академиялық жылдың білім алушысы жазғы семестрден отпей теориялық оқудың қайта академиялық кезеңіне қалады.

4.5. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін бакалавриат, интернатура, магистратура және резидентура білім беру бағдарламалары бойынша аттестаттау комиссиясы құрылады.

4.6. ҚАК төрағасы мен құрамы университет ғылыми кеңесінің шешімі негізінде университет ректоры бұйрығымен ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірмей бекітіледі. Денсаулық сақтау министрлігі, кәсіби қауымдастықтар өз өкілдерінің ұсынысы бойынша бастама жасау құқығына ие.

4.7. ҚАК жұмыс кестесін Оқу үдерісін бақылау және жоспарлау бөлімі жасайды, университеттің академиялық қызмет жөніндегі проректоры бекітеді және ҚАК жұмысы басталғанға дейін екі апта бұрын хабарланады.

4.8. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу университет ректорының бұйрығымен тізімдік құрам түрінде тегін, атын, әкесінің атын, білім беру бағдарламаларын және білім алушыларды даярлау бағыттарын көрсете отырып ресімделеді.

4.9. Тіркеу кеңесі қорытынды аттестаттау басталғанға дейін ҚАК білім алушының жеке оқу жоспарын орындағаны, барлық пәндер бойынша алған

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



бағалары, олардың көлемі мен кәсіптік практикалардың түрлері туралы және оқудың барлық кезеңінде үлгерімнің орташа балының (GPA) шамасын есептей отырып, анықтаманы (жиынтық ведомость) және білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрықты ұсынады.

4.10. Магистратура бағдарламасының білім алушылары магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғаудан бір апта бұрын АҚ ұсынады:

а) дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісінің «қорғауға жіберіледі» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген дәлелді қорытындысы берілген пікірі;

б) дипломдық жұмысқа (жобаға), магистрлік диссертацияға (жобаға) берілген рецензия, онда қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыстың (жобаның), магистрлік диссертацияның (жобаның) жан-жақты сипаттамасы және білімді бағалаудың балдык-рейтингтік әрінтік жүйесі бойынша бағасы көрсетілген дәлелді қорытындысы «магистр» дәрежесін беру мүмкіндігі немесе тиісті білім беру бағдарламасы немесе дайындау бағыты бойынша біліктілік беріледі;

с) бітіртуші кафедраның қорғауға ұсыныстар туралы шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан көшірме);

д) дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) плагиатқа тексеруден өткендігі туралы анықтама;

е) магистрант қорғауға кемінде бір жарияланымы болғанда, ғылыми конференцияда бір сөз сөйлеген жағдайда жіберіледі.

4.11. Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берген жағдайда, білім алушы магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберілмейді.

4.12. Магистрлік диссертацияны (жобаны) рецензиялауды біліктілігі қорғалатын магистрлік диссертацияның (жобаның) бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары бар сыртқы мамандар жүзеге асырады.

Білім алушы магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға рецензенттің оң және теріс қорытындысы болған кезде жіберіледі.

4.13. Белгілі себептермен қорытынды аттестаттауға келмеген білім алушы ҚАК төрағасының атына еркін формада өтініш жазады, белгілі себебін растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен ҚАК-тың жұмыс кезеңінде емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғайды.

4.14. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін денсаулық жағдайы туралы ҚАК ұсынылған құжаттар қаралмайды.

4.15. Бағалаудың бірінші немесе екінші кезеңінің қанағаттанарлықсыз нәтижесі кезінде кәсіптік даярлықты қайта бағалаудан (қорытынды аттестаттаудан) өту мерзімі Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі негізінде 6 (алты) айдан кейін жүзеге асырылады.

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



4.16. Қайта қорытынды аттестаттауға жіберу үшін білім алушы мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өту үшін қажетті мерзімге университет білім алушыларының қатарына қайта қабылдануы қажет. Білім алушыны қайта қорытынды аттестаттау ол алдыңғы қорытынды аттестаттауға ақылы негізде қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана жүргізіледі. Бакалавриат, интернатура, Магистратура, Докторантура, Резидентура бағдарламаларының білім алушылары үшін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқу аяқталған сәттен бастап үш жыл ішінде екі реттен артық емес қайта қорытынды аттестаттауға рұқсат етіледі.

4.17. Кешенді емтиханды тапсыру және дипломдық жұмысты / (жобаны), магистрлік диссертацияны / жобаны қорғау нәтижелері ҚАК отырысының хаттамаларына қол қойылғаннан кейін олар өткізілген күні жарияланады. Докторлық диссертацияларды қорғау диссертациялық кеңестерде жүргізіледі. ҚАК отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) сағаттан аспауы тиіс.

4.18. ҚАК хатшысы барлық отырыстарды хаттамамен ресімдейді. ҚАК отырысының хаттамалары А4 форматындағы парақтарда түптеледі, нөмірленеді, тігіледі және мөрмен бекітіледі.

4.19. ҚАК отырысының хаттамалары әрбір білім алушыға жеке жүргізіледі, кешенді емтиханның, дипломдық жұмыстың / жобаның, магистрлік диссертацияның / жобаның барлық бағалары енгізіледі.

4.20. Хаттамада оқуын аяқтаған білім алушыға академиялық дәреже беру және диплом беру (үздік немесе әдеттегі форматта) көрсетіледі.

4.21. Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасын меңгергенін білім алушыға аттестаттау/біліктілік комиссиясының шешімімен "бакалавр" немесе "магистр" дәрежесі беріледі, интерндер мен резиденттерге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «дәрігер» біліктілік және ақысыз негізде диплом қосымшасымен беріледі.

4.22. Диплом қосымшасында (транскрипт) барлық оқу пәндері, ғылыми-зерттеу және эксперименталды-зерттеу жұмыстары, кәсіптік практикалар түрлері, академиялық кредиттерде олардың көлемі көрсетілген қорытынды аттестаттау бойынша балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.

4.23. Білім беру бағдарламасы бойынша А, А- «өте жақсы», В-, В, В+, С+ «жақсы» деген бағаға емтихан тапсырған және үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5 томен емес білім алушы, сондай-ақ кешенді емтихан тапсырған немесе диплом жұмысын (жобасын) А, А – «өте жақсы» деген бағаға қорғаған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда) интерндерге алдыңғы дипломды ескере отырып беріледі.

4.24. Оқудың барлық кезеңінде емтиханды қайта тапсырған білім алушы үздік диплом ала алмайды.

| | | |
|-------------|--|----------------------------|
| PL-03-35-11 | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже / О проведении текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся / Current Academic Progress Monitoring, Intermediate, and Final Assessment of Students | Басылым 02 / Издание 02 |
|-------------|--|----------------------------|



4.25. Қорытынды аттестаттау нәтижелері негізінде жоғары білімнің тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен білім алушыға, «бакалавр» дәрежесін беру немесе тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «дәрігер»біліктілік беру туралы университет ректорының бұйрығы шығарылады.

4.26. Қорытынды аттестаттау бойынша «қанағаттанарлықсыз»бағасын алған білім алушы «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған» және «дипломдық жұмысты (жобаны) немесе мағистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамаған немесе кешенді емтихан тапсырмаған» деп ректордың бұйрығымен ЖЖОКББ шығарылады.

